“ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ “№33 “АЙСӘУЛЕ” БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ” МКҚК



# ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ



“Бала тәрбиесі – бүкіл қоғамның міндеті. Барлығымыз бірге отырып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруымыз қажет. Балалардың бойына адами құндылықтарды сіңіріп, мүдделі тараптардың ауызбіршілігін арттыруымыз керек. Бірыңғай білім беру бағдарламасы осы мақсаттарға жетудің тиімді құралдарының біріне айналады ” Біз тәрбие жұмысының рөлін күшейтуге көп көңіл бөлеміз. Сондықтан біз үшін бұл жұмыста ата-аналардың қолдауы өте маңызды. Осыған байланысты, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмысын бастайды.”

**Ғани Бейсембаев**





**АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ-**

**ата-аналар қауымын, отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді және балалардың заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, дамыту және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.**



## МАҚСАТЫ

**Бөбекжай-бақша мен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқыту және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға, қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Бөбекжай-бақша мен ата-аналардың қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.**

## МІНДЕТТЕРІ

1. Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. Жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайтып, ынтымақтастықты біріктіру
3. Отбасылық тәрбиеге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету; Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

**БӨБЕКЖАЙ-БАҚША МЕН ОТБАСЫНЫҢ КЕҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

- Ата-аналар оқулары, ата-аналар конференциялары;
  - Ата-аналар мен балалардың қатысуымен шығармашылық, спорттық, мәдени іс-шаралар (концерттер, театрландырылған қойылымдар, марафондар, жәрменкелер, көрмелер, флешмобтар, отбасылық қонақ бөлмелері;)
  - Ашық есік күндері, ата-аналар апталығы;
    Ата-аналар марафондары;
- Ата-аналар қауымдастығын құру;
  - Бірлескен жобалаларды іске асыру;
    Консультациялық жұмыс;
- “Даналық” клубы
  - “Асыл әжелер” клубы
    “Ұлағатты әкелер клубы”
    “Аналар клубы”

## “БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ”

**Тәрбие жұмысының ерекшеліктері**

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал өскелең ұрпақты тәрбиелеу құндылықтары

Ұлттық құндылыққа негізделген айлар

ҚЫРКҮЙЕК
“Әдептілік”

ҚАЗАН
“Ұлттық мүдде”

ҚАРАША
“Талап”

ЖЕЛТОҚСАН
“Жауапкершілік”

ҚАҢТАР
“Ілтипат”

АҚПАН
“Адалдық”

НАУРЫЗ
“Алғыс айту”

СӘУІР
“Құрмет”

МАМЫР
“Әділеттілік”

**АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ**

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылықтарға негізделген “Әдептілік” айлығы тәрбиеленушілерге білім беру мен тәрбиелеу мәселесі бойынша бөбекжай-бақшаның ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының” жоспары бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмысы жүргізіліп жиналыстар ұйымдастырылды.











**АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ**

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылықтарға негізделген “Ұлттық мүдде” айлығы аясында ата-аналарға “Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі” атты конференция, коучингтер ұйымдастырылып ұлттық мүддеге байланысты мәліметтер берілді.

## АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылықтарға негізделген "Талап" айлығы аясында ата-аналардың және бөбекжай-бақшаның арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету ата-аналарды қолдау орталығының мақсаты. Позитивті ата-ана бұл мейірімді қарым-қатынас, қолдау, өзара ынтымақтастық орнату (Театрландырылған қойылым іс-шарасы)







## АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылықтарға негізделген "Жауапкершілік" айлығы аясында іс-шаралар өтті. Мақсаты: ата-аналар мен балалардың арасында отбасы құндылығы, рухани-адамгершілік қарым-қатынас қасиеттерін кеңейте отырып, тәрбиеленушілердің бойына отбасыға деген ыстық ықылас, өзара сыйластық, жауапкершілік туралы түсінік қалыптастыру. "Спорт-денсаулық кепілі" деп ұрандатып жауапкершілікпен сайысқа қатысқан ата-аналар өздерінің шапшаңдықтарын дәлелдеп, жүлделі орындарға ие болды.







**АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ**

**Арнайы мамандар декадасы атты ата-аналарға арналған семинар-практикум**

“Ерекше білім алатын тәрбиеленушілердің ата-аналарын психологиялық-педагогикалық қолдау” тақырыбында семинар өткізілді.

Мақсаты: Ата-аналардың танымдық деңгейлерін жақсарту, балалардың сөйлеу тілін дамытуда заманауи инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып танымдық қабілеттерін дамыту.





**АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ**

**“Ал, қанекей аналар” байқауы**

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылықтарға негізделген “Ілтипат” айлығы аясында жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу. Ана тәрбиесін үлгі ету, аналар өнегесінің ерекшелігін ашу. Баланы кішіпейілділікке, үлкендерді құрметтеуге үйрету.









**“АСЫЛ ӘЖЕЛЕР” КЛУБЫ**

**<u>Мақсаты:</u>** Балаларды рухани құндылықтарға, қазақы дәстүрге, отансүйгіштікке, адалдыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке, жалпы жақсы қасиеттерге баулу.  Бесік жырын еститін, ертегілер тыңдайтын, дәстүрді бойына сіңіретін ұрпақ тәрбиелеу.

**“ҰЛАҒАТТЫ ӘКЕЛЕР” КЛУБЫ**

**<u>Мақсаты:</u>**

Отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орынының ерекше екенін ұғындыру, әкеге деген бала махаббатын ояту







## “АНАЛАР” КЛУБЫ

**Мақсаты:** Оқу-тәрбие жұмысының өзекті мәселелеріне аналар назарын аудару, баланың жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жүйелеу, балабақша мен отбасының өзара байланысын нығайту.












# Алдағы уақытта жоспарға сәйкес атқарылатын жұмыстар

Ұлттық құндылыққа негізделген айлар бойынша ата-аналармен жұмыс

- ✓ “Алғыс айту” құндылыққа негізделген айлық. Ата-аналарға арналған “Барлығына рақмет” челленджі.
- ✓ “Құрмет ” құндылыққа негізделген айлық. Ата-аналарға арналған “Эко start” жәрменкесі
- ✓ “Әділеттілік” құндылыққа негізделген айлық “Қоршаған табиғатты аяла” атты эко-кездесу

**“Даналық” клубы бойынша ата-аналармен жұмыс**

- ✓ “Асыл әжелер” клубының жобасымен жұмыс
- ✓ “Ұлағатты әкелер” клубының жобасымен жұмыс
- ✓ “Аналар” клубының жобасымен жұмыс

# Назарларыңызға рахмет!